



КАДРДЫҢ ҚАДІРІ
БАР МА?

7-БЕТ | САРАПТАМА



ШЫҢ МЕН ШЫНДЫҚ

10-БЕТ | ТҰЛҒА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ТЕЗ БЕЙІМ-ДЕЛІП, ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. БҰЛ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ. ОСЫ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТ ҒАЛЫМДАРҒА, САРАПШЫЛАРҒА, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ЖАҢАШЫЛДЫҚ ӘКЕЛЕТІН МАМАНДАРҒА ЗОР ҮМІТ АРТАДЫ. ОЛАРҒА АЙРЫҚША МИССИЯ ЖҮКТЕЛЕДІ. СОЛ ҮШІН ДЕ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІМІЗДІ НЫҒАЙТА БЕРЕМІЗ. БАРЛЫҚ САЛАҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР ЕНГІЗУ ҮШІН ҚОЛДАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЙМЫЗ.

№48
(4636)

Сейсенбі
23 сәуір
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



4



АССАМБЛЕЯ КӨМЕК ЖІБЕРДІ

Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге Астанадан гуманитарлық көмек жіберу әлі де жалғасып жатыр.

Кезекті көмек керуені Достық үйінің алаңынан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» қайырымдылық жобасы аясында жіберілді. Бұл жолы Солтүстік Қазақстан облысына қажетті заттары бар жүк көліктері жөнелтіледі. Іс-шараға елордалық Қазақстан халқы ассамблеясының этномәдени орталықтары мүшелері мен жастары қатысты.

(Соңы 6-бетте)

КИИК АТУҒА РҰҚСАТ ЖОҚ


Орман және жануарлар дүниесі комитеті «саны реттеуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына түзету дайындады.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев киіктерді ату отандық ғалымдармен және халықаралық сарапшылармен консультациялар мен талқылаулардан кейін тоқтатылғанын мәлім етті. Сонымен қатар, қыста далада қозғалу қиынға соққандықтан, Қазақстандағы ақбөкендер санын реттеу тоқтатылғанын хабарлады. Атап айтқанда, «саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алып қоюға рұқсат беру» мемлекеттік қызметінен ақбөкендер алынып тасталады.

Құжат 8 мамырға дейін ашық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында орналастырылған.

ШАҢҒЫРАҚ КӨТЕР, АҒАШ ЕК!

Елордада өтіп жатқан «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясының тәрбиелік маңызы да артып отыр. Сенбілік аясында ашылған «Жас жұбайлар» алаңында жастардың неке қиып, ағаш отырғызғандары еңбек пен тәрбиенің айшықты көрінісіндей болды.



ДРОНМЕН ЖЕТКІЗЕДІ

ARC Drones дрон құрылғысының 3 данасы Америкадан сатып алынды. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мәлім етті.

«Қазір ARC Drones өкілдері Атырау қаласында жүр, олар ТЖМ қызметкерлерімен бірлесіп ең шалғай және жеткізу қиындық туғызатын жерлерге азық-түлік, дәрі-дәрмек пен басқа да өмірлік маңызды заттарды шұғыл тасымалдау жұмыстарына кірісуге дайын» деп жазды Бағдат Мусин.

ARC Drones – қазақстандық Әлібек Ерсай мен Әсел Тұрсын негізін қалаған америкалық стартап. Бұл дрондар 10 км радиуста 30-40 келіге дейін жүк көтеріп, күніне 100-ге дейін рейс жасай алады. Сондай-ақ ARC Drones дрон құрылғысы құтқарушылар мен еріктілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысын жеңілдетеді.

LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛАДЫ

Елордада LRT учаскелеріндегі жұмыстарға байланысты қалалық полиция департаментімен келісе отырып, Сығанақ көшесінде көлік қозғалысы уақытша өзгереді. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты жазды.

«24 сәуір мен 30 қараша аралығында Ақмешіт көшесінен Түркістан көшесіне дейінгі аумақта Сығанақ көшесінің бойында көлік қозғалысын толығымен шектеу жоспарланып отыр. Ол жерде «Абу-Дабі Плаза» бизнес орта-

лығының ғимаратымен интеграцияланған 112-LRT станциясының құрылысына қатысты жұмыстар жүргізіледі. Елорда қонақтары мен тұрғындары қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет» делінген хабарламада.



Елордадағы №32 қоғамдық автобус бағыты 20 сәуірден бастап «Көктал» тұрғын алабына дейін жүретін болды.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 475.38 \$ USD/KZT 446.49 ₪ RUB/KZT 4.79 ¥ CNY/KZT 61.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Су ресурстары және ирригация министрлігі таратқан мәлімет бойынша, Ақмола облысындағы Астана және Сілеті су қоймалары 100%-ға толған. Екі нысан да штаттық кестеге сай жұмыс істеп тұр.

Солтүстік Қазақстан облысындағы екі ірі су қоймасы да ернеуіне дейін толды. Өңірде тасқынмен күрес тоқтаған жоқ. Петропавлда Есіл өзенінің деңгейі бір тәулікте 28 см төмендеді. Ақтөбе облысындағы екі ірі

су қоймасындағы судың деңгейі 97%-ға толған. Өңірде жағдай тұрақты.

Қостанай облысындағы екі ірі су қоймасы штаттық кестеге сай жұмыс істеп тұр. Батыс Қазақстан облысында 4 ірі су қоймасы бар. Олар

шамамен 85%-ға толы. Қарағанды облысындағы 3 ірі су қоймасындағы су 98% толып тұр. Жағдай тұрақты. Шығыс Қазақстан облысындағы 2 ірі су қоймасы 81%-ға, Абай облысында Шүлбі су қоймасы 67%-ға толғаны анықталды.

ӨЗБЕКСТАННАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КЕЛДІ

800-ге жуық қайық, 80 тоннадай астық өнімдері, 25 мың литр сұйық май, консервілер, 1000 адамға арналған төсек жабдықтары, одан бөлек киім-кешек, шатырлар, әртүрлі керекті заттар тиелген 15 жүк көлігі Қарағанды облысына жетті.



Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Турсунпулат Худайбергенов

Қарағанды қаласына арнайы келіп, бауырлас елдің ізгі ниетін жеткізді. Енді аталған

көмек су тасқыны жүріп жатқан облыстарға жөнелтілетін болады.

АСТАНАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР – КӨКШЕТАУДА

Астана қаласының волонтерлері Көкшетауға көмек қолын созуға келді.

Көкшетау мен Астана волонтерлері Бұланды ауданы, Иванковка ауылының жалғызбасты қарттары мен аналарының үйлерін қалпына келтіруге көмектесті. Мұнда барлығы 108 үй бар, оның 67-сі су басу

аймағында болған.

Волонтерлер «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы Ажерке Искандеровамен бірге 5 үй мен 1 аурухананы қалпына келтірді. Олар ғимарат пен үйлерден жиһаз, ыдыс-аяқ пен

өзге де заттарды алып шығып, тасқын судың салдарынан жиналған кір мен балшықтан тазартты. Барлық зардап шегушілерге көрпе-жастық, ауызсу түрінде гуманитарлық көмек таратылды.



ОРАЛҒА СУДАН ҚАУІП БАР МА?

Оралды тасқыннан қорғау іс-шараларына еліміздің басқа өңірлерінен тағы 500 әскери қызметші мен құтқарушы жұмылдырылады. 21 сәуір күні таңертең Жайық өзеніндегі су деңгейі қауіпті межеден асып, 8,5 метрді құраған.

Өзен суы жайылған жерге орналасқан саяжай алаптары су астында қалып, Жайық және Шаған өзендерінің маңындағы шағын аудандарға су жеткен. Орал қаласында су тасқынына қарсы іс-шаралар күшейтілген режимде жүргізілуде.

Қорғаныс құрылыстарын нығайту шараларына облыс бойынша 10,6 мыңнан астам адам және қала бойынша 6,4 мың адам, сондай-ақ Қазақстанның басқа өңірлерінен тартылған 2 мыңнан астам техника жұмылдырылды. Үкімет

басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев шарықтау шегіне жеткен су тасқынымен күресу үшін Маңғыстау, Ақтөбе облыстарынан, Астана мен Алматыдан тағы 500 әскери қызметші мен құтқарушыны БҚО-ға жіберуді тапсырды.

Оралға Төтенше жағдайлар министрлігі және Қорғаныс министрлігі бойынша 200 адам келіп, жұмысқа кірісіп кетті. Қанат Бозымбаев Оралдың периметрі бойынша су тасқынына қарсы қорғаныс құрылыстарын тексерді. Су

тасқынының шарықтау шегі ұзарды деген болжам бар, осыған байланысты вице-премьер су басу қаупі бар аймақтағы өзендердің бойындағы топырақ бөгеттерін тағы бірнеше метрге көтеруді тапсырды.

Батыс Қазақстан облысы ауылдық елді мекендерінде жағдай тұрақты және бақылауда. Су тасқыны кезеңі басталғалы өңірдегі Жайық және Шаған өзендерінің бойында 136 шақырымнан астам бөгет салынып, оның ішінде Орал қаласында 45 шақырымды құрады.

21 494 АДАМ ҮЙІНЕ ОРАЛДЫ

Бұл ақпаратты Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілі Асқар Шәріп жария етті. Ол Қазақстан аумағындағы су тасқынына қатысты ахуал жайында баяндады. 2024 жылдың 20 сәуіріндегі мәлімет бойынша, 21 494 адам үйлеріне қайтып оралған. Ал эвакуациялау пункттерін паналап отырған 8786 адам, оның ішінде 3814 бала бар.

Тасқын судың салдарын жою бағытында 10,9 млн. текше метрден астам еріген қар суы сорылды, 3,7 млн. астам қапшық пен 1,4 млн. тонна инертті материал төселді. 4 534 тұрғын үй мен 2 763

аула аумағынан су бұрылды. Жедел желі телефонына 2 036 қоңырау түсті. 19 сәуірдің түнінде Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов Батыс Қазақстан облысына қайта барды. Ол Бөрлі ау-

данының елді мекендерінде салынған қорғаныс бөгеттерін тексерді. Жайық өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты өңірдің кейбір ауылдарын су басу қаупі әлі де сақталып отыр.

ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ШЕГЕРЕ ТҰРАЙЫҚ

Биылғы көктем қазақстандықтар үшін үлкен қиындықтар алып келгені баршаңызға мәлім. Әлі күнге дейін тасқын судың деңгейі әр өңірде әртүрлі. Халық абдырап, абыр-сабыр болып жатқанда басқа нәрсемен айналысып, бас қатыратын хәлде емес.

Президент қазіргі қиын жағдайда, биылғы 13 және 14 маусымға жоспарланған Астана халықаралық форумын кейінге шегерді. Осыған байланысты менің айтпағым, «Отбасы банк» арқылы 1 мамырдан бастау алатын «Наурыз» ипотекалық бағдарламасын өңірлердегі төтенше жағдай тұрақталғанша кейінге шегеру қажет. Бағдарлама әрі кетсе 1 маусымнан бастау алуы керек. Себебі құжатынан айырылған азаматтарға бұл бағдарламаға қатысу қиындық туғызуы мүмкін. Екіншіден, болашақта су басқан ауыл, аудан, қала тұрғындары өзінің тұрғылықты жерінен көшкісі келсе, басқа қалалар мен елді мекендерден арнайы квота

ретінде бірінші және екінші нарықтан да тұрғын үй алуға рұқсат берген абзал.

Бұдан бөлек, екінші бір ұсынысымыз бар. Елімізде әртүрлі ипотекалық бағдарламалар бар, олардың талаптарын өзгерту керек. Алайда оған қойылған ережелерді орындай алмай, түрлі себептермен үй ала алмай жүрген табысы аз азаматтар өте көп. Мысалға, жалақының жетпеуі және алғашқы жарнаны жинай алмауы. Сондықтан жаңа ипотекалық бағдарламаға бөлінген 300 миллиард теңгенің де игерілмей қалуының қаупі бар. Азаматтардың төлем-ақы қабілеттерін растауы қиындық туғызуда. Ол үшін бір отбасы мүшесінің жоға-

ры жалақысы болуы қажет. Үй аламын деп ниеттенген азаматтардың жартысынан көбі, өкінішке қарай, жоғары жалақы алмайды.

Сондықтан болашақта әртүрлі тұрғын үй бағдарламаларды дайындаған кезде құзырлы министрлік халықтың әлеуметтік ахуалымен санауы қажет. Бағдарламаны дайындаушылардың тізіміне осы саладағы сарапшылармен қатар экономистер мен тұрғын үй саласында халықпен тікелей жұмыс істеп жүрген мамандарды да қосқан дұрыс. Осы ұсыныстар мен талаптар ескеріледі деген сенімдемеміз.

Наурыз САЙЛАУБАЙ,
Мәжіліс депутаты



Оңалхан ӨНЕРХАН

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экологиялық акциясы өтіп жатыр. Бұл экологиялық акциясы «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ» апталығына бөліп, тазалау, қалада жинау, жуу, көшет отырғызу, ағаштарды әктеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен аптада тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыруға арналды.



ЕЛШІ ДЕ СЫРТ ҚАЛМАДЫ

Байқоңыр ауданында үш мекенжайда сенбілік өтті. Біріншісі – Ататүрік саябағы. Аумағы 6,5 гектарды қамтитын саябақтағы сенбілікке 500-ден астам адам жиналды. Онда көшет отырғызылып, жасыл желектер тазаланды. Түркияның негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткіші жуылды.

Оған Түркияның Қазақстандағы елшісі Мұстафа Капуджу арнайы келіп қатысты. Мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметкерден бөлек, қала тұрғындары

ерікті тұрғыда қатысып, тазалау жұмыстарына серпін берді.

– Барлығымыз қаланың таза әрі жайлы болғанын қалаймыз. Сенбілік – қала тұрғындарын көктемнің жайдарлы күні ортақ іске біріктіреді. Бастысы, шаһардың шырайын кіргізіп, қоршаған ортаға әдемілік сыйлайтын маңызды шаралардың бірі. Астана қаласы – тазалық пен тәртіптің үлгісі. Бұл істе қала тұрғындарын бей-жай қарамай, сенбілікке жаппай атсалысуға шақырамын, – деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Астанада 117 ескерткіш бар, оның 46-сы мемлекеттік қорғауға алынған. Олардың үшеуі республикалық, қалған 44-і қала деңгейіндегі жергілікті маңызы бар ескерткіштер болып саналады. «Киелі мекен» апталығында тарихи жерлердің маңы абаттандырылды.

ҚАЛАМГЕРЛЕР КҮРЕК ҰСТАДЫ

Екіншісі – Қаламгерлер аллеясында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. 2019 жылы өткен Азия елдері ақын-жазушыларының I форумы аясында ашылған аллея аумағы 1,2 гектарды қамтиды. Шыршалар көктеп, жасыл желегі демалушы адамдардың тынысын кеңейтеді.

Мұндағы сенбілікке зиялы қауым өкілдері, жазушылар, журналистер белсенді қатысты. Қаламгер арасында Қуаныш Жиенбай, Балапан Базар, Әділбек Ыбырайымұлы, Нұрлан Қалқа тазалық жұмыстарына дем берді.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қуаныш Жиенбай: «Бас қаламызда қаламгерді құрметтейтін аллея бар. Мұндай орталықты тазалау жұмыстарына қатыспай, қалай отыра аламыз. Бүгін бірқатар әріптестеріммен бірге келіп, демалыс аймағын шөптер мен жапырақтарды, тұрмыстық

қоқыстарды алып тастап, көшет отырғыздық» деді.

Үшіншісі – Жұмабек Тәшеневтің ескерткіші мен Қазақстан Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейіндегі саябақта тазалық жүргізілді. Ескерткіш және музей аумағын тазалауға Ұлттық әскери-патриоттық орталығы мен «Жас сарбаз» жастар ұйымының тәлімгерлері, Ж.Тәшенев атындағы №10 гимназия мектебінің ұстаздары мен оқушылары қатысты. Сенбілікке келгендер арасында кеудесінде медалі жарқыраған соғыс ардагерлері де болды.

Ауған соғысының ардагері Сембек Қабиев:

– Сенбілік – тазалық, тәртіп және жақсы көңіл-күй мерекесі. Ортақ күш-жігермен жергілікті аумақты ретке келтіруге болады. Соның ерен үлгісін бүгін көрдік. Қатысушылар сарғайған шөптер мен жапырақтарды тырмалап, тұрмыстық қоқыстарды алып, саябақтың айналасын жинады. Бір жағы, сенбілік дене белсенділігін

арттырып, денсаулыққа жақсы әсер етеді, – деді.

Сенбілік аясында оқушыларға «Киелі мекен» атты тәрбие сағаты өткізіліп, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің өтпелі кезеңде ел дамуына сіңірген еңбегі аталып, киелі жерлерде құрметтеудің парқы түсіндірілді.

Байқоңыр ауданы әкімдігінің ресми өкілі Үкілім Саятқызының сөзінше, сенбілік жұмыстарына 1,3 мың адам қатысты.

– Ауқымды эоакция шеңберінде қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық көріз желілері, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта «Өнегелі ұрпақ» апталығында ардагерлердің аулалары мен қарттар үйінің аумағын тазалап, абаттандырсақ, «Мөлдір бұлақ» деп аталатын соңғы бесінші аптада су қоймаларының айналасы өзен-көлдер қоқыстан тазартуға мән береміз, – деді ол.

Елорда тұрғындары эко іс-ша-

СЕНБІЛІК — ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ





раларға белсенді қатысып, тұрғындар тазалықты қамтамасыз етуге үлес қосуда. Бір ғана Байқоңыр ауданында тазалық айлығы жүйелі өткізілуде, мұндай үдеріс қаланың өзге аудандарында да көрініс тапты.

ЖҰМЫС ТА ІСТЕДІ, ДӘМ ДЕ ТАТТЫ

Байқоңыр ауданы әкімдігі ұйымдастырған сенбілікте жаңа жобаға күз болды. Ататүрік саябағында өткен тазалық іс-шарасы қазақ-түрік тағамдарының жәрмеңкесіне ұласты.

Онда түрік елінің әйгілі бөректері, симиттері және ірімшік пирогтары ұсынылды. Сондай-ақ тұрғындарға бауырсақ, құрт, ірімшік, шай таратылды.



– Түрік асханасында өзіндік орны бар бөректің дәмі тіл үйіреді екен. Біздің бауырсақ көпшілік қонаққа арналған, қолжетімді тағам түрі ғой. Түріктердің ерте кездерден келе жатқан симиттің дәмін көрдік. Сонау Осман империясы кезінде сұлтандық тағам мәртебесіне ие болған симит түрік асханасының алтын рецептері санатына кіреді екен, – дейді жәрмеңкеде түрік асханасымен танысқан қала тұрғыны Сейдулла Алпысбаев.

Сенбілікке қатысушылар ірімшіктің түр-түрінен дәм татып, қазақтың мерекелік дастарқанының негізгі тағамы – бауырсақты дайындау тәсілдері туралы да ақпарат берілді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ДАМУ ТУРАЛЫ МАРАФОН

Сарыарқа ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында экомарафон өтті. Марафонға қатысушылар 4 шақырымға жүгірді.

Экомарафонның мақсаты – қоршаған ортаға, қалаға және бір-біріне ұқыпты қарау деңгейін арттырып, экологиялық әдеттерді тәрбиелеу.

– Марафон бұрынғылардан

ерекше әрі өте креативті өтті. Себебі біз спорт пен тазалықты қатар алып жүрдік. Экоакция аясында Есіл өзенінің бойындағы қоқыстарды жинадық, – деді «Open society» қоғамдық қорының директоры, марафоншы Марғұллан Ермағанбетұлы.

Марафонға қатысушылар, соның ішінде жастар, ересектер мен қарттар іргелес жатқан аумақтарды тазартуға белсенді атсалысты. Ең жас қатысушы, ең үлкен қатысушы және 1, 2, 3 жұлделі орындар тағайындалды.

Марафон жеңімпаздарына Сарыарқа ауданының әкімі атынан арнайы сыйлықтар мен дипломдар табыс етілді.

Елордада барлық тұрғындардың күшімен Мәдени мұра нысандарының, ескерткіштер мен оларға іргелес аумақтың қасбетін ретке келтіру жұмыстары жүргізілді.

СЕНБІЛІККЕ ШЫҒЫП СЫЙЛЫҚ АЛДЫ

Елордадағы Ботаникалық саябақ, Орталық саябақ, Триатлонда тазалық акциясы қатысқандар «Орел мен решка» бағдарламасының форматында ақшалай сыйлық ұтып алды. Сонымен қатар акция аясында

«ЖАСЫЛ АЙМАҚ» ДЕП АТАЛАТЫН ҮШІНШІ АПТА АҒАШ ОТЫРҒЫ- ЗУҒА, ЕКПЕЛЕРДІ АҚТАУҒА АРНА- ЛАДЫ



Ботаникалық бақта «Түлектер аллеясы» ашылды.

«Мұндағы мақсат – мектеп түлектерінің бойында экомәдениеттілікті қалыптастыру. Бүгін – тарихи күн. Өйткені қаладағы Ботаникалық саябақта алғаш рет 2023-2024 жылғы «Түлектер аллеясы» ашылды. 30 шақты алма ағашын отырғыздық. Әлемдегі дамыған елдердің 80 пайызы ағаштармен безендірілген. Бұл қаланың көркеюіне, әсемденуіне, ары қарай дамуына үлес қосуда. Таза қоршаған орта, таза ауа – біздің болашақтың дені сау, тәні сау, санасы таза ұрпақтың қалыптасуына және өсуіне әсер ететін фактор. Сол үшін бұл акцияны жалғастыру керек деп ойлаймын» деді Кәрім Мыңбаев атындағы 59 мектеп-лицейінің 11-сынып жетекшісі Нұрбек Еріқұлы.

Ал Алматы ауданында өткен тазалық жұмысында сыйлық берілмесе де, тұрғындар белсенді қатысты.

Алматы ауданында нөсер және арық кәріз желілерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, кварталішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жүргізілді. Жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстар, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды күтіп-баптау бойынша іс-шаралар, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жоюға мән берілді.

Сарыарқа ауданында «Киелі мекен» апталығында 35 тарихи-мәдени ескерткішті тазалау және абаттандыруға 4,2 мың адам қатысты.

ЖАС ЖҰБАЙЛАР АЛАҒЫ АШЫЛДЫ

Астанада Орталық саябақта жас жұбайлар алаңы ашылды. Ашылу салтанатында жас жұбайлардың некесі қиылды және ескерткіш ретінде ағаштар отырғызылды.

Алаңның ашылуы «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен



Сұлтан СЕЙІТ

тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акция аясында өтті. Жас жұбайлардың бақытты күнді еске алу мақсатында шаңырағына құлыптар мен таспаларды бекітетін киіз үй орнатылды. Алаңның ашылу салтанатында 5 жұп некеге тұрды. Неке қию рәсімінен кейін жас жұбайлар алаңға ескерткіш ағаш отырғызды. «Біз өткен жылы әлеуметтік желіде танысып, дос болдық, ал бүгін үйленіп жатырмыз. Осы ағашқа күтім жасауға және атау тақтасын орнатуға дайынбыз. Неке қию күні бізге осындай мүмкіндік түскені қуантады» деді жас жұбайлардың бірі Қуат Ахметов.

Іс-шараға 50 жылдық мерейтойын атап өткен ерлі-зайыптылар Марат Тоқсанбаев пен Күләш Асқарова шақырылды. Олар акцияға қатысушыларды

құттықтап, батасын берді.

– Бұл алаң ұрпақтар сабақтасының символына айналуы керек. Менің ойымша, мұнда ағаш отырғызған адамдар қалаға ешқашан зиян тигізбейді. Сондай-ақ олар өз отбасыларымен қарым-қатынас орнатады, – деді Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова.

ҚАМЫСТАН ТАЗАРТУҒА КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Сарыарқа ауданының аумағын тазалық айлығында абаттандыру және жөндеу-қалпына келтіру жұмысы қарқын алды.

Әлия Молдағұлова алаңы, Сиреневый бульвар және Есіл өзенінің жағалауы және тағы басқа қоғамдық орындарды жөндеу, қалпына келтіру жұмысы белсенді жүргізілуде. Жиіктерді, қоршауларды, билбордтарды және маңдайшаларды тазалау, жуу, сырлау қолға алынды.

Коммуналдық қызметкерлер қамыс пен арам шөпті шабу-ды басымды етті. Күнделікті режимде құрғақ өсімдіктер аула аумақтарында және бос жерлерден жойылуда. Білім беру мекемелері мен басқа да әлеуметтік нысандар маңындағы учаскелерге ерекше көңіл бөлінуде.

«Қатты ыстықта бұл өсімдіктер тез тұтанады, ал от тез тарайды. Осы жағдайлардың алдын алу үшін біз қамысты жою жұмысын бастадық. Қазіргі уақытта 5,4 гектардан астам жер орылды» деп атап өтті Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының бас маманы Атажан Нұрбек.

Дайындаған
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

№48 (4636) 23/04/2024 Сейсенбі

БІРЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы, қайырымдылық жобасы барлық қазақстандықтардың қолдауына ие болып, берік бірліктің символына айналды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен 11 мыңнан астам ҚХА еріктілері тартылған.

«Бірнеше аймақта су тасқыны болып жатыр, еріктілер қиын уақытта шетте қалмады. Біздің көптеген отандастарымыз су тасқынынан зардап шеккендерге көмектеседі. Қазақстан халқы Ассамблеясы әрдайым көмек қолын созып келеді» деді Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі,

ҚР «Дустлик өзбек қауымдастығы» төрағасының орынбасары Хасан Шәріпов.

Жалпы, бұған дейін Астанадан су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 1 мың тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберілген болатын. Жиналған көмектің ішінде киім, тамақ, гигиена құралдары мен аяқ киім негізгі орынды алады.

Елордада гуманитарлық көмекті қабылдайтын 9 пункт жұмыс істейді, оған 30-ға жуық еріктілер ұйымдары қатысуда. Күн сайын 200-ден астам ерікті қажетті заттарды сұрыптайды. Еріктілер қаржылық көмекті қабылдамайды. Ниет білдірушілер қажетті заттарды жинап, жинау орындарына өздері апарып тапсырады.

Астана қаласы бойынша гуманитарлық көмек қабылдау пункттері: Петров көшесі, №7 үй; Қалдаяқов көшесі, №11 үй; әл-Фараби көшесі, №16 үй; Тамшалы көшесі, №24 үй; Момышұлы көшесі, №26 үй; Қарасай батыр көшесі, №2 үй; Уәлиханов көшесі, №25/2 үй; Жұмабаев көшесі, №216 үй.

BELES FEST БЕЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай елордалық орта арнаулы оқу орындары арасында «Jana Beles Fest – 2024» шығармашылық фестивалі басталды. Іс-шара «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылды.

Индира
БЕРЖАНОВА

«JANA BELES FEST – 2024» фестивалі елордалық ең жігерлі әрі шығармашыл жастардың басын қосатын, сондай-ақ студенттер асыға күтетін іс-шаралардың бірі. Фестивальдің мақсаты – Астана қаласының жастары арасында мәдениет пен өнерді дамыту, студенттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, талантты студенттерді анықтау және жан-жақты қолдау.

– Фестиваль бірнеше номинация-

ларды қамтиды. Оның ішінде «Вокал», «Ұлттық би», «Заманауи би», «Ұлттық аспаптар», «Үздік жанкүйерлер» аталымдары бар. Іс-шара алғаш рет 2019 жылы ұйымдастырылды. Биыл оған 35 колледж студенттері қатысады, – деп атап өтті «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Арайлым Сапаралы.

Жобаның алғашқы күнінде «Вокал» номинациясының қатысушысы Наргиза Маликова «Қазақ елі осындай» патриоттық әнін орындады. Сөз барысында қатысушы белгілі әнші Маржан Арапбаеваның жанкүйері, оның вокалдық шеберлігіне ғана емес, шығар-

машылығына да тәнті екенін айтты.

– Мен «Сервис және туризм» колледжінің студентімін. Түрлі байқауларға қатыссам да, бұл фестивальде бірінші рет бақ сынап отырмын. Мамандығым – аспазшы, бірақ бала кезден ән айтуға қызығамын. Фестиваль – жастар үшін мүмкіндік алаңы, студенттер қабілеттерін көрсетіп, өз өнерін ортаға салады, – деп бөлісті студент.

Жобаның жабылу және марапаттау рәсімі 29 сәуірде Бейбітшілік және келісім сарайында өтеді. Оның барысында «Ең үздік колледж» номинациясының жеңімпазы анықталады.

«ШАТТЫҚ-2024» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен XVII «Шаттық – 2024» балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық ашық шығармашылық байқауы қорытындыланды.

ның Гала-концерті 2024 жылдың 26 сәуірінде Бейбітшілік және келісім сарайында өтеді. «Жолымыз бір» концерт-манифестінің негізгі бағытының бірі – идеологиялық жұмыс. Концерттегі мәдени бағдарламаның басты құндылықтары Президентіміздің Ұлттық Құрылтайда алға қойған тапсырмалары – тәуелсіздік пен патриоттық,

бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заңдылық пен тәртіп, еңбек пен кәсібилік, шығармашылық пен жаңашылдыққа үндес келетіндігін айту қажет. Бұл ретте байқауда жүлдезі жанып, қуанған шығармашыл балалардың шаттығы талай жүрекке от беріп, болашағына шамшырақ болып жағғылары сөзсіз.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының сахнасында шығармашылық байқаудың барлық жанрлары бойынша алтын статуетка, диплом тапсырылып, сертификат иелерін салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға 103 білім беру мекемесі қатысты. Үздіктер атағын 7 мыңнан астам қатысушы қорғады. 71 алтын статуетка, 93 күміс статуетка, 116 қола статуетка, 378 диплом, 360 сертификат балалар мен ұжымдар арасында тартысқа түсіп, 600-ден астам педагог сертификат алды.

Елордада жыл сайын белсенді, шығармашыл, креативті, дарынды балаларымыздың саны көбейіп келеді, биылғы жылы 3000-нан астам қатысушы жүлделі орындармен марапатталды.

XVII «Шаттық-2024» балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық ашық шығармашылық байқауы-



Астанадан VII халықаралық кітап жәрмеңкесі өтті. Жергілікті және 20 шетелдік баспа үйі ең үздік туындыларын осында ел назарына ұсынды.

ЖӘРМЕҢКЕДЕН КӨМЕК



Дәстүрлі кітап жәрмеңкесіне келгендердің қарасы қалың. Әсіресе жастардың үлесі басым. Биыл 70-ке жуық баспа өз өнімін ұсынды. Ұйымдастырушылар биыл іс-шараның ауқымы артқанын айтады. Шетелдік 20 баспа жәрмеңкеге қатысуға ниет танытқан. Сондай-ақ Түркия, Испания және Иран елшіліктері де кітап мерекесінен шет қалмапты. «Қазақстандағы ең ірі кітап көрмесі өтіп жатыр. Осымен жетінші жыл ұйымдастырып жатырмыз. Басты мақсат – қазақ халқы арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Бұл былайша айтқанда, барлық кітапсүйер қауым күтетін мереке сияқты. Әр жыл сайын көктемде ұйымдастырып отырамыз. Кез келген аудиторияға, кез келген талғамға

арналған кітаптар бар бізде» дейді ұйымдастырушылардың бірі Айнұр Көпбаева.

Жәрмеңкеге шығарылған туындылар анағұрлым арзан. Яғни баспа бағасымен сатылды. Әсіресе балаларға арналған кітаптарды жұрт таласып алып жатыр.

Жәрмеңкеде елімізге белгілі авторлардың көз майын тауыса жазған жаңа еңбектері қалың жұртшылыққа таныстырылды. Ал балдырғандардың алды түрлі танымдық ойындарда бақ сынап, білім жарыстырды. 5 күнге созылған жәрмеңкеде бас-аяғы 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Ал билеттен түскен қаржы су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға көмек ретінде жіберілетін болды.

ЖАСТАР НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Елордада нашақорлықтың таралуына қарсы «Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы өтті. Іс-шара Сарыарқа ауданы әкімдігінің, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.



Акция аясында елордалық спортшылар қала тұрғындарына электронды темекіні спорттық құрал-жабдықтарға айырбастауды ұсынды.

«Кезекті акция аясында біз темекі және вейп шегетін жастарға қолдарындағы зиянды заттарды бокс қолғабына, допқа, өзге де жабдықтарға айырбастауды ұсынамыз. Осылайша, біз елордалықтарды салауатты өмір салтына шақыра отырып, дені сау ұрпақ қалыптастыруға атсалысамыз» деді Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

Елордалық киокушинкай-кан каратэші Әлихан Асубаев та мұндай шаралардың маңыздылығын атап өтіп, жастарды спортпен айналысуға шақырды.

«Осы акция арқылы біз жастарға спортпен шұғылданып, денсаулықтарын қуту керектігін көрсетіп, дұрыс

жолға салғымыз келеді. Біздің әрекетіміз көпшілікке мотивация болады деп сенеміз» деді Әлихан Асубаев.

Елорда мәслихатының депутаты, «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Арсланбек Мағзұмның айтуынша, акция барысында жиналған электронды құрылғылар мамандандырылған зауытта жойылатынын айтты.

– Қазір біз теріс тенденцияны байқап жүрміз. 25 жасқа дейінгі жастар арасында электронды темекінің кең таралуы байқалады. Бұл мәселе өте өзекті. Сондықтан бүгінгі мақсатымыз – жаман әдеттерден арылу үшін бірігіп жұмыс істеу, – дейді Арсланбек Мағзұм.

«Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы бір ай бұрын белгілі қазақстандық спортшы Василий Тахтаймен бірге жүргізілді. Ұйымдастырушылардың сөзінше, акция алдағы уақытта да жалғасады.

ХАБАРЛАМА

ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 14 наурыздағы №197 бұйрығы негізінде «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің БИН 120340003574 жарғылық капиталы 493 521,81 (төрт жүз тоқсан үш мың бес жүз жиырма бір) теңге 81 тиынға төмендегені туралы хабарлайды.

Соңғы оқиғалар су саласында білікті кадрлар тапшылығын анық байқатты. Өзен суы тасыған Ақтөбе қаласындағы су қоймасының қаланы су шайып кету қаупі туғанда зейнетке шығып кеткен маманды тауып, апаттың алдын алып үлгергенін барлық бұқаралық ақпарат құралы жарыса жазып жатты. Өзен суы мол, қар көп жауатын елордамыз – Астананың халі жақсы ма, мамандар тапшылығы бар ма, су мамандарымен қамтамасыз ету деңгейі қалай, қайтсек қауіптің алдын аламыз? Бізді мазалаған сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

МАМАНДАР ТАПШЫЛЫҒЫ АҢҒАРЫЛДЫ

Ауылда болсын, қалада болсын, су маманы – шаруашылыққа ең қажет маманның бірі. Бала кезімізде ауылдың белгілі мұрабы еш құралсыз, өлшеусіз, тек өзіне Алла дарытқан ерек қабілеті арқасында ылғи осылай дариядан тартылатын арналар бағытын көрсетіп беретін. Олар қайсы аймақтың болмасын шырағы ғой. Өйткені ол адамдарға Алла көпке бермеген қабілет бұйыртып, көпке қызмет етуді нәсіп еткен, бұл жұрттың да баға жетпес мол несібесі болатын.

Тарих қойнауына енген Кеңес Одағында «кадры решают все» деген қанатты сөз болатын. Еңдеше оның қатесі жоқ екенін тірі жанға көнбейтін әділ уақыт дәлелдеп көрсетті. Ол аз десеңіз, атақты шайыр Шораяқтың Омары: «Білімсіз іске аспайды дәркілдек би» деп осыдан жүз жылдай бұрын ұрпағына аманаттаған. Сонда өңірлеріміздегі, қалалардағы азаматтардың басты күнкөрісіне айналған суармалы алқаптарды, қаладағы су қоймаларын су маманынсыз жоғары талаптарға сәйкес пайдалануға болады дегенге қалай көніп, қалай илануға болады?!

Туған қаласын алапатап судан сақтап қалған Шыңғыстау Әбдиев 36 жыл бойы Ақтөбе су қоймасында техник-механик мамандығы бойынша кран тасымалдаушы болып жұмыс істеген екен. Былтыр желтоқсанда зейнетке шыққан. Аймақта су тасқыны басталған кезде оның кәсібилігі мен тәжірибесі төтенше жағдайды шешуге және қаланы су тасқынынан құтқаруға көмектесті деп хабарлады бұқаралық ақпарат құралдары.

– Тау іші тола өзен мен көл Алматыны Құдай сақтап тұр. Бетін әрі қылсын, бұл қалада апатқа төтеп берер жүйе мен мамандар бар ма? Кәріз жүйесіне жауапты «Алматы су»



КАДРДЫҢ ҚАДІРІ БАР МА?

мекемесінде үнемі шу шығып жатады. Арық, құбырлардың жағдайын қарап, бітелген құдықтарға түсіп, белуардан лас кешіп жүретін слесарь-сантехниктер айлығымыз аз деп екі жылда бірнеше мәрте жиын


ды қолдаған шопырларға да шүйлікті, – дейді сонда істеп, жұмыссыз қалған танысым. Өйткені аз ақшаға нәжіс иіскеп, канализация тазалап, жан баққысы келетін адам аз. Табылмайды. Ал шопыр болудың

сі неге нашар дейміз. Қазір гидронысандар тілін білетін кәсіби мамандар тапшы екенін көріп отырмыз, Президент те оны қадап айтты. Ал мына беттен таймасақ, аз уақытта өзен түгілі, қарапайым құ-

ЖОСПАРДА 57 ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫН САЛУ, 133 ГИДРОТЕХНИКА ҚҰРЫЛЫСЫН, 7 МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ИРРИГАЦИЯ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ 1200 ШАҚЫРЫМ ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЫН ҚАЙТА ЖАҢАРТУДЫ, СОНДАЙ-АҚ 3628 ТІК ДРЕНАЖДЫ ҰҢҒЫМАНЫ БҰРҒЫЛАУ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

«Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы мен «Elorda eco system» алдына жерүсті ағын суын бұруды қамтамасыз ету үшін тиісті іс-шаралар жүргізу міндеті қойылды: коллекторлар мен жаңбыр суын қабылдағыштарды тазарту, құбырларды бұлау, нөсерлі кәріз желісінің қуатын ұлғайту және т. б.» делінген әкімдік хабарламасында.

Былтыр жерүсті ағын суын бұру үшін 2,5 км магистралдық нөсер кәріз желісі салынды. Мәселен, осыған дейін 200-ден астам проблемалы учаскеде су тасқыны мәселесі шешілген болатын.



ҮКІМЕТ ІСКЕ КІРІСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов жуырда Астана қаласының және Ақмола облысының әкімдері Жеңіс Қасымбекпен, Марат Ахметжановпен су тасқынының ағымдағы жағдайын тексергені белгілі.

Астана қаласы арқылы тасқын суды өткізуге және ықтимал су тасқынынан қорғауға арналған Астана контрреттегішінің жай-күйі тексерілді. Сонымен қатар Майбалық көлі мен Вячеслав су

қоймасының жағдайын бақылады. Контрреттегіште судың ағыуы қазір секундына 30 текше метрді құрайтыны баяндалды. Ал келіп жатқан ағын секундына 248 текше метрді құрайды. Бүгінгі таңда контрреттегіштің су ағызу қабілетін секундына 40 текше метрге дейін арттыру жоспарланып отыр. Суды ағызу секундына 400 текше метр деңгейінде жүзеге асады, су қоймасының көлемі 409 млн текше метрді құрайды. Преображенский торабы шарықтау шегіне жетті, Нұра өзені арқылы торапқа құятын су ағыны азайып келеді: қазіргі уақытта секундына 1400 текше метр өтуде.

Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдігі жақын маңдағы елді мекендер мен қалаларды су басудың алдын алу бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде.

Тайтөбе ауылында су тасқынынан негізгі қорғаныс қызметін атқарған үйінділерді нығайту жұмысы аяқталуда. Биыл қолданыстағы 2400 метрлік бөгетке ұзындығы 1200 метр, биіктігі 2,5 метр болатын жаңа бөгет тұрғызылды.

Жедел штаб Астана, Қосшы қалалары мен Тайтөбе ауылындағы су қоймаларынан су жіберу деректері бойынша жасалған болжамдарды ескере отырып, су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізіп отыр деген мәлімет



өткізеді. Сонда шопыр болып істейтін бірнеше жігіт кәсіпорынды сотқа беріпті. Себебі «160 мың теңгемен 5 баланы қалай асыраймын, айлық аз, жиылып бастықтарға бару керек» деген жігітті WhatsApp-та құптап: «дұрыс! қолдаймыз!» дегендері үшін жұмысынан қуылыпты... Слесарь мамандар жиынға да қатыспаған, заңды демалысында үйінде жатқан адамды 10 қаңтарда ұйымдастырушы ретінде статьямен шығарған. Чатта слесарьлар-

жарасы жеңіл деп ойлайды, сондықтан өзгелерге сабақ орынды сотқа беріпті. Себебі – Негізі, осы күні ауыр техника жүргізетін шопыр да қат емес пе? Ол да жоғалып бара жатқан мамандық. Кадрдың қадірін білмеу – осы. 160-200 мың деген жалақыға жақсы маман ұстау мүмкін бе? Бір апта 12 сағаттан жұмыс істеп, бір апта демалысында құрылысқа жалданып амалдайтын жігіттерді түсінуге болады. Содан барып арық, арна, кәріз жүйе-

бырдың жөнін білетін пенде қалмайды. Жанбағысым қиын дегеннің бәрін жұмыстан қуа беру жақсылыққа апармайды. Қазақстанға мықты менеджер, экономист, заңгерден бөлек, жоғары разрядты слесарь, дәнекерлеуші, шопыр, механикатор да керек! – дейді қоғам белсендісі Серік Әбікенұлы.

АСТАНАДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Осыдан оншақты күн бұрын Астана маңындағы Талапкер ауылын еріген қар суы басқаны белгілі болған еді. Төтенше жағдайлар департаменті және жергілікті атқарушы билік 30 минут ішінде қалпына келтіріліп, ашық учаскелерден және су басқан аула аумақтарынан еріген су сорылған болатын.

Былтыр да Астанада қатты нөсер жауып, қала көшелерін су басқан еді. Әкімдік өкілдерінің айтуынша, қаланың нөсерлі кәріз жүйесі істен шыққан еді.

Бас қаланың нөсерлі кәріз жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі және соның салдарынан кейбір учаскелерді су басқаны үшін «Elorda eco system» директоры Тимур Шоданов қызметінен босатылғаны белгілі.



Индира
БЕРЖАНОВА

КӘСІП ИГЕРГЕН НӘСІПСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр өткен Ұлттық құрылтай барысында еңбек нарығында жас кадрларды даярлау мәселесін қозғап, білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі деп айқындап берді.

«Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз» деген Президент сөзі жастардың еңбексүйгіш маман болып қалыптасуының маңызын көрсетті. Бұл бағытта елорданың технологиялық колледжі бүгінге дейін 30 мыңға жуық студентті нарыққа шығарды. Олардың дені – еселі еңбек етіп, өмірлік жолын тауып, табысқа қол жеткізген шәкірттер. Ал қазір колледжде 700-ге жуық студент 3 мамандық бойынша білім алуда. Олар: наубайшы, шаштараз және тігінші.

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМҒА – БАСЫМДЫҚ

Қазақстан бойынша ең алғашқы наубайшы мамандығы колледж базасында ашылса, Астанада наубайшылар төрт колледжде оқытылады. Технологиялық колледж директоры Ләззат Разбекованың сөзінше, нарыққа қашанда керек әрі жойылмайтын бұл мамандыққа сұраныс көп.

«Наубайшы, кондитер және аспаз мамандығы қаладағы бірнеше білім беру ұйымында оқытылатындықтан, аталған колледждермен кәсіби түрде бәсекелестік бар. Осы орайда колледж мамандарын оқытудағы басты бағытымыз – тек денсаулыққа пайдалы, ешбір қоспасыз нан өнімдерін дайындау, премиум сегменттегі өнімдерді ұсыну. Нәтижесінде бүгінде экология тұрғысынан таза нанның 11 түрін пісіруге студенттер дағыланды. Олар тек су мен ұннан қамыр көтеріп, оны 15 күндей ашытады. Мұндай өнімдердің таза әрі пайдалы екені тәжірибе жүзінде де дәлелденді. Ал қарапайым дүкендегі ашытқымен кез келген әйел нан пісіре алады. Сондықтан студенттер осы мамандықтың қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, 2-3-курсан-ақ жұмыс берушілердің ұсынысын қабылдап жатады. Бұл – 40% теория, 60% практикаға назар аударудың нәтижесі» деді колледж директоры.



Кәсіптік білім – нәсіп табудың негізгі жолы әрі ел экономикасының қуатын арттыратын тетік. Осы бағытта жастарды оқыту, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау жалпы білім беру базасы негізінде кәсіптік колледждерде жүзеге асады. Бүгінгінің қарапайым еңбек адамдары осындай оқу орындарынан түлеп ұшады. Астанада мұндай 32 кәсіптік білім беру ұйымы бар. Солардың қатарында білікті маман, еңбекқор адам тәрбиелеуді негізге алған білім ордасының бірі – қалалық технологиялық колледж. 50 жылдық тарихы бар оқу орнының нарыққа сай мамандарды әзірлеудегі әлеуетін білу мақсатында колледж жұмысымен танысып қайттық.

Дуальді оқыту жүйесі – мамандықты іс жүзінде меңгерудің тиімді технологиясы. Теорияны өндіріспен ұштастыра оқытатын бұл жүйенің кәсіптік мамандықтарды оқытуда септігі мол. Сондықтан дуальді оқытуға басымдық берген кәсіптік колледж түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. 2022 жылдан бастап колледждерге академиялық дербестік берілгені белгілі. Нәтижесінде жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік туды. Технологиялық колледж осы мүмкіндікті пайдаланып, 100-ге жуық кәсіпорындармен келісімшарт жасасты. Сондай мекемелердің қатарында этностильді «Sandur» және «Тагу» мейрамханалары және «Тагу» мейрамханалары бар. Білім беру мекемесінің басшысы әлеуметтік серіктестердің де саны көп, сапасы жоқ болғанын қаламай, бірінші орынға ұлттық нақышы бар өнімдерді шығаруды жолға қоятын мекемелермен байланыс орнататыны туралы пікір білдірді. Қазақшылықтың иісі аңқитын нан өнімдерін ұсыну әрі ұлттық тағамдардың өте таза екенін жеткізіп, дәріптеу

мақсатында колледжде былтыр ұлттық дәм тату орталығы ашылды.

Технологиялық колледж Францияның Лион қаласындағы Sirg колледжімен тығыз байланыс орнатып, француз әріптестермен қысқамерзімді курс ашу, француз, қазақ ұлттық тағамдарын біріктіріп, нарықта өтімді, халыққа пайдалы өнімді ұсыну жоспарланған. Тәжірибе жүзінде студенттер француз круассанын қазақтың қазы, құртымен біріктірді. Тары, талқан, түйе сүті бар бауырсақ, жент қосылған печенье дайындап, қанттың орнына балқаймақ қосу секілді қызық тәжірибе жүргізіліп, ерекше өнімдер шығарылады.

АҚЫСЫЗ ОҚУДЫҢ МҮМКІНДІГІ

Тігінші мамандығы бойынша 3 тігін цехында 4 шебер оқытады. Сондай-ақ колледжде тігіншілікті үйренемін деушілер үшін арнайы қысқамерзімді курстар қарастырылған. Оған елордалық кез келген тұрғын қатыса алады. Колледж ше-

берлері мен студенттері түрлі бұйым бойынша жеке тапсырыс қабылдайды. Қазіргі таңда білім алушылар ұлттық киім коллекциясын дайындауға кіріскен. Болашағын тігіншілікпен байланыстырғысы келетін студенттің бірі – Айкен Төребаева. 3-курс білім алушысы колледже түспес бұрын ине мен жіпті сабақтай алмайтын жасырмады, ал осы оқу ордасы көп мүмкіндікке жол ашқанын айтты.

– Анам тігіншілікпен айналысып, мен де осы салаға қызықты. Колледже түскеннен кейін бұл жерде мықты мамандар оқытатынын түсіндім. Ұстаздардың жан-жақты дамуымызға көмектесіп, үнемі қолдап отыратыны ұнайды. Өз мамандығым бойынша Польшадағы worldskills халықаралық жарысына қатысып, жүлделі орынға ие болып, тәжірибемді шыңдадым. Жалпы алдағы уақытта өзімді қандай салада көретінімді айқындап алдым, мен үшін маңыздысы – сол. Басқа білім беру мекемесінде менің осындай қабілетім ашылмас па еді, бәлкі?! Тігін-

шілікке студенттер кездейсоқ келмейді, қатарластарымың көбі өз қалауы бойынша осы мамандыққа түсті, – деп ой бөлісті жас маман.

Айтқандай, колледждегі наубайханада worldskills чемпионатының қалалық кезеңі өтеді. «Жас маман» жобасы аясында 144 миллионға наубайшыларға қажет барлық техника сатып алынып, толық жабдықталды. Чемпионат барысында 12 оқушыға арналған жұмыс орны жасалып, пештің түр-түрі орнатылған. Технологиялық колледжің аға шебері Жанар Жұмабаева наубайшылардың қолынан сапалы өнім шығып қана қоймай, әр маман тазалыққа мән беруі қажет, сондықтан санитария мен гигиена бойынша дәрістердің маңызы айрықша екенін атады.

Колледж студенттері тегін білім алып, мемлекеттік шәкірталықпен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ 50 студент жатақханада тұрады. Алдағы уақытта колледж аумағы маңында жаңа жатақхананың ашылуы жоспарланған.

АДАМ ДА, МАМАН ДА ҚАЖЕТ

Әдетте, студенттердің бойында «қатты» дағдылар (hard skills) көп дамиды. Яғни техникалық ойлау жүйесінен аспай қалып жатады. Бірақ оқу бітіргеннен кейінгі өмірге дайын болып, ел ісіне араласуы үшін «жұмсақ» дағдылар да (soft skills) қажет. Технологиялық колледж директоры Ләззат Разбекова мамандарды кәсіби тұрғыда ғана шыңдап қоймай, өздерінің дайындаған өнімдерін

нарыққа шығаруда дұрыс сата білу үшін маркетинг негіздері қатар оқытылатынын жеткізді.

«Біз көбіне маманнан гөрі адам қылу маңызды екенін естен шығарып жатамыз. Асылында, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ісін саралай алатын маман ауадай қажет. Бірақ адам бойындағы игі сезімдер мен даналық көзін естен шығармауымыз керек. Жастар оқуға түскен бойда осы жағына мән беріп, түрлі шығармашылық кештер өткіземіз. Ораторлықты шыңдау, көпшілік алдында сөйлей білу, мамандығына қатысты әлеуметтік желіні тиімді қолдана алу үшін осы қасиеттің қажетін тәжірибе барысында түсіндік, себебі кейбір студенттерге бұл дағды жетіспейді. Халықаралық деңгейдегі сайыстардың барысында коммуникация құралдарының кенжелеп қалғаны бірден аңғарылады. Әрине, бірінші тұрғыдан маман тәрбиелеу керек, бірақ адам болу одан да маңызды. Тұлғалық өсу мен маман ретінде жетілу қатар жүру керек. Бірі болып, екіншісі жетілмесе, өмірде жетістікке жету қиын деп есептеймін. Наубайшы наным пісіреді, тігінші киімні тігіп, шаштараз шашты қанша жерден жақсы қиып, жұмысын толыққанды дұрыс орындағанмен, халықпен кері байланысқа шықпай, екі ауыз сөздің басын құрай алмаса, әрине, ол білім алушылардың өздеріне емес, колледже де сын» деді Л.Разбекова.

Оқу-ағарту министрлігі былтыр еңбек нарығында айрықша сұранысқа ие мамандықтардың тізімін жариялады. Көш басында аспаз, тігінші, кондитер мамандарынан бөлек, сатушы, маркетинг, медбике секілді бірқатар мамандық бар. Яғни білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар берудің маңызы күн өткен сайын артып келеді. Осы бағытта елордалық технологиялық колледж ертеңгі қарапайым жұмысшыларды тәрбиелеудің маңызын көрсетті.



ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН – 120

МАРҒҰЛАН МҰРАСЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Биыл – ғұмырында қазақтың кең даласын зерттеген, тау-тасына үңіліп, ғылыми дерек-дәйек жинаған ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланның 120 жылдығы. Сондықтан «қазақ археологиясының атасы» мерейтойын қалалық, республикалық деңгейде атап өту – басты мұрат.



Көрнекті қайраткер есімі берілген, отандық білім көшінің алдыңғы қатарынан көрініп жүрген мектебімізде сәуірдің 20-сы күні «Әлкей Марғұлан мұрасы – ұлттың рухани байлығы» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды. Әр өңірден жиылған білікті педагогтар, білім іздеген жастар мен айтары бар ғалымдар бас қосты. Меймандар қатарында ҚР еңбек сіңірген қайраткері Зейнолла Самашұлы, тарих ғылымдарының докторы Жарас Ақышұлы, Астана қаласы Әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Дидар Дулатұлы және т. б. болды.

Ауқымды іс-шараны жүргізген мектеп директоры Сәуле Амангелдіқызы «қазақ халқының этнографиясын, тарихын терең зерттеп, құнды мұра қалдырған Әлкей Марғұлан есімі уақыт өткен сайын жас ұрпақ, келер

толқын жадында жаңғыра береді» деді.

Конференцияға Алматы, Қарағанды, Түркістан және бір кездері Әлкей Марғұлан білім алған байырғы қара шаңырақ, көп жылғы тарихы бар оқу орны – Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж студенттері мен оқытушылары онлайн форматта қатысса, Арқалық қаласынан келіп өз зерттеу жұмысымен бөліскен педагогтар да болды. Ауқымды іс-шара аясында білімін, тәжірибесін көрсете білген ұстаздарға, шәкірттерге, қонақтарға сертификат табысталды. Республикалық деңгейдегі конференция соңы, дәстүрге сай, мектептің әнұраны – «Марғұлан» маршымен түйінделді.

Жұлдыз НАЙМАНБАЕВА,
Астана қаласы
Әлкей Марғұлан атындағы
№40 мектеп-лицей мұғалімі





АЛАШ АРЫСТАРЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Астана қаласы әкімдігі «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Алаш арыстары Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиннің шығармашылығын ұлықтау мақсатында ҚР Президенттік орталығында «Ұраным, қорғаным сен, Алаш!» атты тарихи-танымдық іс-шара өтті.

Алаштың тау тұлғалы алыптарының сан-салалы мұрасын насихаттау, Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, ұлттық руханияттың өзегі – ана тілінің рухани-мәдени тарихымыздың дамуындағы алатын орнын айқындап берген ардақты арыстардың озық ойлы көзқарасын елге паш ету – басты мақсат. Көрнекті ақын, қарымды қаламгер, бойына сан өнерді тоғыстырған жан-жақты дарын иелерінің ұлт жолындағы күрескерлік еңбектерін бағалау,

Алаш идеясы – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы екенін кеңінен дәріптеу, рухы мықты, жігерлі, намысты, жалынды жастарымызды Отанды құрметтеуге, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында ҚР Президенттік орталығының басшысы Бақытжан Темірболат сөз сөйлеп, ой-пікірін білдірді. Алаш арыстарының рухына арнау өлеңін мәдениет саласының үздігі, ақын Серік Молдабек оқыды. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек»

романындағы Ақбілектің рөлі сомдалып, сол бір кезеңдегі қазақ халқының басына түскен зобалаң, қазақ әйелдерінің ауыр тағдыры суреттелген шығарманың өн бойы көрерменнің көз алдына келтірілді. «Руханият» мекемесінің қызметкері Айбек Жиганшин ақын Ғалым Жайлыбайдың «Рух» өлеңін оқыса, ақындар айтысы мен жыр мүшәйраларының жүлдегері Нұрислам Бейсенбай С.Сейфуллинге арналған «Пешене» атты жүрекжарды өлеңін оқы-

ды. Б.Майлиннің «Туған жер» атты өлеңін педагогика және филология ғылымдарының магистрі Нұргүл Ермұхан оқыса, сөз өнерінің майталманы, қазақ әдебиетінің классигі Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінен сахналық қойылымды С.Сәдуақасов атындағы №78 мектеп-гимназияның 9-сынып оқушылары актерлік шеберлігін көрсетті. Сондай-ақ Алаш арыстарының фотосуреті мен қанатты сөздері жазылған фототалерей қойылып, тұлғалардың мұрасына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Айжан СЕРІКҚЫЗЫ,
Астана қаласы әкімдігі
«Руханият» мекемесі
баспасөз қызметінің
жетекшісі

ТРИЛОГИЯ ТҰСАУКЕСЕРІ

Қазақ елінің соңғы ханы Кенесары туралы ақын, жазушы Әділбек Әбдірайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясы кітап болып қайта басылып шықты. Жаңа кітаптың таныстырылымы Астанадағы Еуразия халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесінде өтті.

Кездесуге белгілі қаламгер, сенатор Нұрғәлі Жүсіп бастаған бір топ депутат, Қуаныш Жиенбай сияқты қабырғалы қаламгерлер, Жанболат Аупбаев тәрізді кәнігі журналистер, кітапты оқып қойған, оқуға ынтызар оқырмандар мен әдебиет жанашырлары қатысты. Кездесуді дүлдүл ақын Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.

халықаралық іс-шараның өтуіне тікелей мұрындық болуда. Бұл олардың кәсіби-салалық жобасына айналған. Сондай-ақ көптеген туындының жарық көруіне, соның ішінде «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясының қайта басылып шығуына қолдау білдірді. Мұны әдебиетке деген үлкен қамқорлық деп білеміз. Сол үшін «Фолиант» баспасының



Құрылымы мен мазмұны күрделі, тарихи деректерге қанық шығарма үш-төрт ғасырды қамти отырып, қазақтың басынан кешкен хикметтерді сипаттаған. Трилогияның бірінші кітабы «Арлан азуы», екінші кітабы «Серт», үшінші томы «Рух» деп аталады. Мұнда қазақ елінің патша империясы отаршылдығына қарсы күресі, Кенесарының қол басшылығы мен қайраткерлігі, сондай-ақ, ханның ұлы, мұрагері Сыздық сұлтанның сол күресті жалғастыруы баян етіледі. Туындының өн бойынан рухты қозғайтын сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар, мінез-құлқ құбылыстары шынайы және кестелі түрде көрсетіледі.

– Кітап шығару, жазушылықты және кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосып жүрген «Фолиант» баспасы осы

директоры Нұрлан Сәрсенбіұлы бастаған ұжымға шексіз ризашылығымызды білдіреміз! – деді автор.

Қазақ елінің соңғы ханы Кенесарының тағдыры мен қайраткерлігі, қазақ халқының қиын да қаһармандыққа толы өмір жолы суреттелген «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясы былтырғы жыл қорытындысында жоғары бағаланған еді. Содан болар кітап жақсы саудаланды. Кездесуге қатысушы әдебиет өкілдері Кенесары туралы жазылған тұңғыш туынды саяси иірімдерге бейімделген замандық шығармасы емес, ұлттық рухымыз бен намысымызды әйгілейтін тәуелсіздіктің төл туындысы екенін айтты. Сондай-ақ романның қоғамда тарихи сана қалыптастыруда елеулі рөл атқарары сөзсіз.



АЛМАТЫ ТЕАТРЫ – АСТАНАДА

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры сәуір айының 29-30 күндері Астана қаласындағы М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры мен Жастар театрына гастрольдік сапармен келеді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Саф өнерімен жастардың жүрегін жаулап, балалардың бабын тауып, ересектерді естен кетпес әсерге бөлеп жүрген театр алматылықтардың ғана емес, ел көрермендерінің көзайымына айналып, қошеметіне бөленіп жүр. Қазақстан қалаларын ара-

лауды мақсат тұтқан театр көктемнің көрікті күндерінде еліміздің басқа қалаларына гастрольдік сапарын бастады. Яғни сан жыл бойы көрерменнің сүйікті мекеніне айнала білген тұғырлы театр сұлу өнерді сүйетін өңірге қазақ әдебиеті мен әлем классикасының озық үлгілерін ұсынады.

29-30 сәуір күні М.Горький атындағы мемлекеттік

академиялық орыс драма театрында сағат 10:00, 11:00, 12:00-де А.Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзаданың оралуы» ертегісі сахналанса, 29 сәуір күні 18:30-да М.Әуезовтің «Қарагөз», 30 сәуір күні 18:30-да Г.Лорканың «Бернарда Альбаның үйі» қойылымдары көрерменмен қауышады. 29 сәуірде Жастар театрының сахнасында сағат 15:00, 19:00-де

және 30 сәуір сағат 12:00, 17:00-де Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымдары көпшілік назарына ұсынылады.

Адам жанының нәзік иірімдерін, шынайы сезімдерін көрсететін қойылымдарға билеттер М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры мен Жастар театрының ticketon сайтынан алуға болады.

«ЖОШЫ ХАН» ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жазушы Ұларбек Дәлейдің «Жошы хан» тарихи романы жарық көрді. Астанада өткен халықаралық кітап жәрмеңкесі аясында автор кітаптың жазылу барысымен бөлісті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

– Төрт жылға созылған ізденістің, бес ай бойы жазу үстелінде тапжылмай отырған табанды еңбектің нәтижесі – міне, алдарыңызда. Қаһарлы Шыңғыс дәуірін, Жошы ұлысының құрылуы барысындағы қым-қиғаш оқиғалар мен қанды жорықтарды тегіліп суреттеуге тырыстым. Жаңа ұрпаққа жаңа, шынайы тарих керек. Өзгелер сызып берген шеңберді қирататын шақ келді, – деді Ұларбек Дәлейұлы.

Айта кетейік, бұл шығарма – қазақ және әлем әдебиетінде Жошы хан жайлы жазылған тұңғыш роман. Автор зерттеу еңбектері негізінде Шыңғыс заманы мен оның тұңғыш ұлы Жошы хан жайлы терең және тың деректердің ізіне түскен. Сол арқылы Жошының қым-қуыт күндерде дүние есігін ашуы, өскен ортасы мен жастық шағы, жорықтары мен өмірінің соңына дейінгі оқиғаларды барынша толық баяндаған. «Фолиант» баспасынан жарық көрген роман 480 бетті құрап отыр, жалпы 23 хикаяға жіктелген. Әр хикая бірнеше тақырыпқа бөлінген.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №48

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА